



МИНИСТЕРСТВО НАЦИОНАЛЬНОЙ
ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН



II PPP INVESTMENT FORUM

БАҒДАРЛАМА
II ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МЖӘ ФОРУМЫ
«ПАНДЕМИЯ КЕЗЕҢІНДЕГІ МЖӘ: СЫН-ҚАТЕРЛЕР МЕН
МҮМКІНДІКТЕР»

15 ҚАЗАН 2020 Ж.
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ

<https://forum.kzppp.kz/>

ОНЛАЙН ФОРУМНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

1 ОНЛАЙН ЗАЛ

2 ОНЛАЙН ЗАЛ

09.00 – 09.20 СПИКЕРЛЕР МЕН ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ

**09.30 – 10.50 СЕССИЯ
«МЖӘ ТУРАЛЫ ЗАҢНЫҢ БІРІНШІ
БЕСЖЫЛДЫҒЫ, НОРМАТИВТІК
БАЗАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ»**

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ:
«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЖӘ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ

**09.30 – 10.50 СЕССИЯ
«МЖӘ ТӘЖІРИБЕСІ: СӨРЕДЕН
МӘРЕГЕ ДЕЙІН. МЖӘ
ДАМУЫНЫҢ НӘТИЖЕЛІЛІК
НЕГІЗІНДЕГІ РЕЙТИНГІ»**

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ:
«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЖӘ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ

11.00 – 11.15 ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗДЕР

**11.15 – 13.00 ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС
АЗИЯ-ТЫНЫҚ МҰХИТ АЙМАҒЫ ЖЕЛІСІНІҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖӘНЕ
МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК
ӘРІПТЕСТІКТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БОЙЫНША ТӨРТІНШІ МӘЖІЛІСІ**

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: БҰҰ АТМЭӘК, «ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЖӘ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ

**14.00 – 15.15 СЕССИЯ
«МЖӘ ЭНЕРГИЯЛЫҚ ТИІМДІ
ЖОБАЛАРЫ»**

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: БҰҰДБ

**14.00 – 15.15 СЕССИЯ
«МЖӘ ЖОБАЛАРЫНДА OFFTAKE-
ШАРТТАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ
БОЛАШАҒЫ»**

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ:
«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЖӘ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ

**15.30 – 16.45 СЕССИЯ
«ЖЕРГІЛІКТІ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ҮШІН
ҒАЛАМДЫҚ САБАҚТАР: ТМД ЖӘНЕ
ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕГІ МЖӘ»**

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ:
«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЖӘ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ

**15.30 – 16.45 СЕССИЯ
«МЖӘ МОДЕЛІ БОЙЫНША БІЛІМ
БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ҮРДІСТЕР
МЕН СЫН-ҚАТЕРЛЕР»**

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ:
«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЖӘ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ

**17.00 – 18.00 ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ
«МЖӘ САЛАСЫНДАҒЫ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ»**

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ: «ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЖӘ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ

09:00 - 09:20

№1 ОНЛАЙН ЗАЛ

Спикерлер мен қатысушыларды тіркеу



№1 ОНЛАЙН ЗАЛ

Құттықтау сөздері: МАТАЕВ Талғат Мустафаұлы - «Қазақстандық МЖӘ орталығы» АҚ Басқарма Төрағасы

09:30 - 10:50

СЕССИЯ «МЖӘ ТУРАЛЫ ЗАҢНЫҢ БІРІНШІ БЕСЖЫЛДЫҒЫ, НОРМАТИВТІК БАЗАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ»

Ұйымдастырушы:
«Қазақстандық МЖӘ
орталығы» АҚ

Сессияның қысқаша сипаттамасы:
Қазақстандағы МЖӘ туралы заңның дамуына талдау, басқа елдердегі МЖӘ нормативтік реттеу тәжірибесі, құқық қолдану тәжірибесін талдау, сұрақтар, болжалдар, МЖӘ туралы Заңға ұсыныстар

Модератор: ЕШИМОВА Дана Акылбековна – «Қазақстандық МЖӘ орталығы» АҚ басқарма Төрағасының орынбасары

Спикерлер:

1. **ШОҚПАРБАЕВ Нурлан** - ҚР ҰЭМ ИСД директоры. *"Заң - Қазақстандағы МЖӘ дамуының негізі"*
2. **МОЛДИЕВ Омархан** - Түркістан облысы бойынша МЖӘ Өңірлік орталығының директоры. *"ҚР-да МЖӘ беделінің төмендеуі туралы"*
3. **ВАИСОВА Ботагоз** - АДБ кеңесшісі. *"Денсаулық сақтау саласындағы инфраструктуралық МЖӘ үлгісі Законодательная реформа для инфраструктурной модели ГЧП в области здравоохранения"*
4. **УЗАЛИНА Назгуль** - Директор департамента ГЧП НПП Атамекен. *"Предложения по совершенствованию законодательства ГЧП"*
5. **ИДАЯТОВА Ардак** – Партнер ЮФ «Aequitas». *"Тонкие моменты законодательного регулирования ГЧП и концессии"*



09.30 – 10.50

СЕССИЯ

«МЖӘ

ТӘЖІРИБЕСІ:

СӨРЕДЕН МӘРЕГЕ

ДЕЙІН.

МЖӘ ДАМУЫНЫҢ

НӘТИЖЕЛІЛІК

НЕГІЗІНДЕГІ

РЕЙТИНГІ»»

Ұйымдастырушы:

«Қазақстандық МЖӘ
орталығы» АҚ

№ 2 ОНЛАЙН ЗАЛ


Құттықтау сөздері: **МАТАЕВ Талғат Мустафаұлы** -
«Қазақстандық МЖӘ орталығы» АҚ Басқарма Төрағасы

Сессияның қысқаша сипаттамасы: МЖӘ-нің мемлекеттік сатып алудан өзгешелігі: құқықтық реттеу. МЖӘ даму рейтингі: инвестициядан әлеуметтік-экономикалық тиімділікке дейін.

Модератор: **Долгов Александр Константинович**, Ресейде және ТМД-да инфрақұрылым, энергетика және МЖӘ бойынша топтың басшысы, Squire Patton Boggs серіктесі

Спикерлер:

1. **Турсынбаев Талғат** – «Қазақстандық МЖӘ орталығы» АҚ «Бір терезе» кеңсесінің Вице-президенті
2. **Тилинин Тимур** – KazakhInvest Басқарма Төрағасының орынбасары
3. **Артюшенко Андрей** – «Артюшенко и Партнеры» ЗК Шақырылған қатысушылар: ОАО, ЖАО, бизнес



№ 1 ОНЛАЙН ЗАЛ

Алғы сөз:

ДАЛЕНОВ Руслан Ерболатұлы, ҚР Ұлттық экономика министрі

Kaveh Zahedi, Атқарушы хатшының орынбасары, БҰҰ АТМЭӘК

Yang Jianmin, бас директордың орынбасары, МЖӘ орталығы, Қытай

11:00 - 11:15

РЕСМИ БӨЛІК

Ұйымдастырушы: БҰҰ АТМЭӘК,
«Қазақстандық МЖӘ орталығы» АҚ және АХҚО

АЗИЯ-ТЫНЫҚ МҰХИТ АЙМАҒЫ ЖЕЛІСІНІҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖӘНЕ МЖӘ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БОЙЫНША ТӨРТІНШІ МӘЖІЛІСІ

Ұйымдастырушы: БҰҰ АТМЭӘК

№ 1 ОНЛАЙН ЗАЛ

Қысқаша сипаттамасы: Желінің төртінші кездесуі тәжірибе алмасуға, білімді және инклюзивті және тұрақты инфрақұрылымды жасаудың түйінді мәселелерін тиімді шешуге арналған МЖӘ арқылы инфрақұрылымды қаржыландырудың озық тәжірибесіне қатысты консенсусқа қол жеткізу үшін платформа ретінде қызмет ететін қатысушы елдердің МЖӘ ақпараттық порталын қосуға бағытталған.

1-тақырып. Веб-порталды қосу.

Спикерлер:

Tientip Subhanij, дамуды қаржыландыру бөлімінің басшысы, MPFD, БҰҰ АТМЭӘК

2-тақырып. Желінің қатысушыларынан соңғы жаңартулар

Модератор:

Xie Fei, Аға МЖӘ-сарапшы, дамуды қаржыландыру бөлімі, MPFD, UNESCAP

Спикерлер:

1. **Hang Vuthika**, Саясат және білімді басқару бөлімінің мүшесі, МЖӘ орталық блогы, Экономика және қаржы министрлігі, КАМБОДЖА
2. **Kiattikun Tiamprasert**, Мемлекеттік кәсіпорындар саясаты департаментінің саясат және жоспарлау жөніндегі талдаушысы, Қаржы министрлігі, ТАИЛАНД
3. **Jose Abel**, Кеңесші, МЖӘ және несиелер департаменті, Қаржы министрлігі, Тимор-Лесте [ТВС]

3-тақырып. МЖӘ және экономиканы COVID-19-дан кейін қалпына келтіру

Модератор:

Masato Abe, Economic Affairs Officer, Financing for Development, MPFD, UNESCAP

Спикерлер:

1. **Eleazar E. Ricote**, МЖӘ орталығы атқарушы директорының орынбасары, ФИЛИППИНДЕР
2. **Артем Володькин**, Ұлттық МЖӘ орталығының басқару орталығы, РФ
3. **Hubert Jenny**, Инвестициялық операциялардың аға маманы, техникалық бөлім 1-аймақ, Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі

№ 1 ОНЛАЙН ЗАЛ

4-тақырып. МЖӘ жобаларындағы мемлекеттік міндеттемелер: болашақтың сын-қатерлері

Модератор: ЗИАД Александр Хайек - МЖӘ Дүниежүзілік Ассоциациясының Президенті, доктор

Спикерлер:

1. **Zhang Liao**, Jumbo International, ҚЫТАЙ
2. **Eyup Vural Aydin**, Стамбул МЖӘ орталығының төрағасы, Түркия
3. **Талғат Матаев**, "Қазақстандық МЖӘ орталығы" АҚ басқарма Төрағасы

5-тақырып. АХҚО экожүйесімен танысу

Модератор: Данияр Келбетов, Басқарушы директор, АХҚО әкімшілігі, АХҚО, ҚАЗАҚСТАН

Спикерлер:

1. **Еркін Буденов**, Құқықтық даму департаментінің Директоры, АХҚО әкімшілігі, АХҚО, ҚАЗАҚСТАН
2. **Нұрлан Есмағамбетов**, Келісімшарттарды тарту бойынша департамент Директорының орынбасары, АХҚО Business Connect, АХҚО, ҚАЗАҚСТАН
3. **Алмат Игенбаев**, Сотөндіру департаментінің Директоры, АХҚО соты, АХҚО, ҚАЗАҚСТАН

Қорытындылау: Tientip Subhanij, дамуды қаржыландыру бөлімінің басшысы, MPFD, БҰҰ АТМЭЭК



ОНЛАЙН ЗАЛ № 1

14.00 – 15.15

**СЕССИЯ
«ЭНЕРГИЯЛЫҚ
ТИІМДІ МЖӘ
ЖОБАЛАРЫ»**
**Ұйымдастырушы:
БҰҰДБ**

Сессияның қысқаша сипаттамасы: Энергияның тиімділігі ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің және оның тұрақты дамуын қамтамасыз етудің қажетті шарты болып табылады. Энергияны үнемдеудің табысты саясаты және энергияның тиімділігін арттыру экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, халықтың денсаулығына әсер етеді және ел қабылдаған Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізуге ықпал етеді. Осы қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін барлық салаларда өңірлерде және тұтастай алғанда елде энергияның тиімділігін арттыру қажет. COVID-19 пандемиясы жағдайында және соған байланысты бірқатар бағдарламалар мен бағыттар бойынша бюджеттік қаржыландырудың шектеулері жағдайында жеке бизнесті маңызды мемлекеттік мәселелерді шешуге, әсіресе елді мекендердің инфрақұрылымын, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың теңгерімінде тұрған мекемелерді модернизациялаумен байланысты мәселелерді шешуге тарту өзекті болып отыр. Бірақ бұл үшін қолдау қажет. Қазақстандағы БҰҰ Даму Бағдарламасы «Төмен көміртекті даму үшін тұрақты қалалар» пилоттық бастамасы аясында осындай қолдау тетігін сәтті сынап көрді. Осы тақырыптық сессия шеңберінде осы қолдаудың тәжірибесі қарастырылады, сондай-ақ іске асырылған жобалардың табысты кейстері ұсынылады.

Модератор: Александр БЕЛЫЙ, БҰҰДБ/ҒЭҚ және ҚР Үкіметінің энергияның тиімділігі бойынша жобаларының үйлестірушісі

Спикерлер:

1. **ИНАХАНОВА Сауле** - ҚР ИИДМ «Энергия тиімділігі жөніндегі МЖӘ жобаларын қолдау бойынша Министрліктің саясаты» Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі басқарма басшысы
2. **ЕВНИЕВ Биржан** - БҰҰДБ/ҒЭҚ және ҚР Үкіметінің «БҰҰДБ тарапынан МЖӘ жобаларын қолдау тетіктері және іске асырылған жобалардың сәтті мысалдары» төмен көміртекті жобаларды қаржыландыру бойынша ұлттық сарапшысы
3. **ТЛЕУБАЕВ Арман** - «Энергияның тиімділігі жөніндегі МЖӘ жобаларын әзірлеу және іске асыру жолындағы қателер мен кедергілер» БҰҰДБ/ҒЭҚ Жобаларының кеңесшісі
4. **Дена** неміс агентігінің өкілі – Еуропаның дамыған елдеріндегі МЖӘ тәжірибесі (энергияның тиімділігі жөніндегі МЖӘ жобаларын іске асыру тәсімдері бойынша батыс Еуропа елдерінің тәжірибесі туралы айтады)
5. **БЕРЕЗИНА Екатерина Владимировна**, Investinfra Limited директоры мәскеу қ-сы «Энергияға тасталатын қалдықтар. Мәскеудегі МЖӘ жобаларын іске асырудың практикалық тәжірибесі»



№ 1 ОНЛАЙН ЗАЛ

Сессияның қысқаша сипаттамасы: Елдер МЖӘ енгізу процесінде қандай сын-қатерлерге тап болғаны және тетікке қандай үміт артылатыны туралы сөйлесеміз.

Модератор: **ВОЛОДЬКИН Артем Евгеньевич** - РФ МЖӘ Ұлттық орталығының басқарушы директоры

Спикерлер:

1. **МАКАРЕВИЧ Константин** – Square Patton Boggs Тәжірибесінің кеңесшісі, РФ
2. **СУДАРСАН Вишну** - Серіктес, JSA Advocates & Solicitors, Индия
3. **МУКУМОВ Ремир** - Атқарушы директор, PPP Expertise Eurasia, Ұлыбритания
4. **САРМАВИЧИЕНЕ Екатерина** - Директор, «МЖӘ орталығы» мемлекеттік мекемесі Жобаларды басқару жөніндегі орталық агенттік, Литва
5. **МИШИОРСКИ Бартош** басқарма Төрғағасы, Centrum PPP қоры, Польша

15.30 – 16.45

СЕССИЯ

«ЖЕРГІЛІКТІ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ҮШІН ҒАЛАМДЫҚ САБАҚТАР: ТМД ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕГІ МЖӘ»

Ұйымдастырушы:

«Қазақстандық МЖӘ орталығы» АҚ

№ 1 ОНЛАЙН ЗАЛ



Дөңгелек үстелдің қысқаша сипаттамасы: Жобаны оның өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде сапалы дайындау МЖӘ қағидаттарында инвестициялық жобаны іске асыру туралы шешім қабылдауда шешуші рөл атқара алады. Бұл үшін мемлекеттік серіктеске экономикалық дамудың соңғы тенденциялары мен НҚА-гі өзгерістерді ескере отырып МЖӘ жобасын іске асыру туралы шешім қабылдай алатын МЖӘ саласындағы білікті мамандар қажет.

Модератор: **ЩЕГЛОВ Артур** - «Гиперион» стратегиялық тобының Басқарушы серіктесі, РФ. *"МЖӘ маманына арналған ресейлік кәсіби стандарт"*

Спикерлер:

1. **ЕСЕМБЕКОВА Диана** – "Қазақстандық МЖӘ орталығы" АҚ аккредитация және оқыту кеңсесінің Атқарушы директоры, ҚР.. *"Қазақстандағы МЖӘ мамандарының кәсіби шеберліктерін арттыру"*
2. **НЕЙКОВА Олеся** - Серіктес, «Гиперион» стратегиялық тобының инфрақұрылымдық жобалары үшін кадрларды іріктеу және бағалау тәжірибесінің жетекшісі, РФ. *"Ресей Федерациясының еңбек нарығына қатысты МЖӘ маманының құзыреттіліктерінің сипаттамасы"*
3. **ШАТКОВСКАЯ Анна** – Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік академиясының президенті, Украина. *"Украинадағы МЖӘ құзыреттері: қазіргі жағдайы және болашағы"*
4. **БАТИАШВИЛИ Леван** - Грузияның МЖӘ агенттігінің аға кеңесшісі *"Кадрлық шектеулер және оларды Грузия МЖӘ агенттігі құрылған кезден бастап үйлестіру"*
5. **Seungbeum Rho** - KD PIMAC халықаралық ынтымақтастығының басшысы. *"МЖӘ үшін мемлекеттік сектордың әлеуетін арттыру: Корея тәжірибесі"*

17.00 – 18.00

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ «МЖӘ САЛАСЫНДАҒЫ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР ДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ»

Ұйымдастырушы:

«Қазақстандық МЖӘ орталығы» АҚ



№ 2 ОНЛАЙН ЗАЛ

Сессияның қысқаша сипаттамасы: Мемлекет пен бизнес үшін МЖӘ тетіктерін қолданумен offtake-шарттарын жасасудың тартымдылығы

Модератор: Сапарғали Шолпан

Спикерлер:

1. **ХОРОШАШ Аскар** - МЖӘ Жобалық кеңсесінің медициналық құрамдасының басшысы
2. **ТОСЕКБАЕВ Канат Дуйсенбаевич** - Республикалық денсаулық сақтауды дамыту орталығының бас директоры
3. **АКАНОВ Елик Балтабекович** – «Мемсараптама» РМК әдістеме және ақпараттық қамтамасыз ету бөлімінің бастығы

14.00 – 15.15

СЕССИЯ «МЖӘ ЖОБАЛАРЫНДА OFFTAKE- ШАРТТАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ БОЛАШАҒЫ»

Ұйымдастырушы:
«Қазақстандық МЖӘ
орталығы» АҚ

ОНЛАЙН ЗАЛ № 2



Сессияның қысқаша сипаттамасы: Білім және экономикалық мәселелерді шешуге арналған МЖӘ тетіктерін тиімді пайдалануға арналған білім беру жүйесін дамытудың оңтайлы модельдерін талқылау

Модератор: **ИБРАИМОВ Аскар** – АО «Қаржы орталығы» АҚ Президенті

15.30 – 17.00

СЕССИЯ «МЖӘ МОДЕЛІ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ҮРДІСТЕР МЕН СЫН-ҚАТЕРЛЕР»

Ұйымдастырушы:
«Қазақстандық
МЖӘ орталығы» АҚ

Спикерлер:

1. **АСЫЛОВА Бибигуль** - ВҚР Білім және Ғылым Вице-министрі *"Білім берудегі МЖӘ: тәжірибесі мен болашағы"*
2. **ЗЛОБИН Сергей** – Нижегород облысының Білім, ғылым және жастар саясаты министрі *"Концессия шарты бойынша мектеп құрылысы: практикалық қорытындылар"*
3. **БАГИНСКАЯ Анна** - Басқарушы директор, Сбербанк ҚАҚ МЖӘ Орталығының басшысы *Сбербанктен білім алуға арналған «қораптағы шешімдер», банктік қаржыландыруды тартудың әлеуетті факторлары»*
4. **FITZPATRICK Susanne and HALPIN Eamonn** — Қаржыландыруды дамыту ұлттық агенттігінің өкілдері (Қазынашықты басқару жөніндегі ұлттық агенттік. Ирландия Республикасы) *"Обзор проектов ГЧП в сфере образования"*
5. **РАХМАНИ Жанат** - Ustudy.kz. Бас директоры, «Тестілеу және педагогикалық құзыреттіліктің өңірлік орталығы» жобасы бойынша жеке серіктес. *«МЖӘ үшін білім беру қызметтері» («Аймақтық тестілеу және педагогикалық құзыреттілік орталықтары» республикалық жобасы)*
6. **ОМАРОВА Майгуль** - «Алматы облыстық Білім басқармасы» ММ басшысы. *"Білім беруде МЖӘ жобаларын енгізу және жоспарлау практикасы"*



II PPP INVESTMENT FORUM

ФОРУМ ХЕЙДЛАЙНЕРЛЕРІ





Зиад Александр Хайек

МЖӘ ұйымдары мен
кәсіпқойларының дүниежүзілік
қауымдастығының президенті

Зиад Александр Хайектің мемлекеттік және экономикалық саясат, халықаралық даму, инвестициялық банкинг, халықаралық қаржы, құрылымдық және жобалық қаржыландыру, корпоративтік стратегия және корпоративтік басқару саласында 38 жылдық тәжірибесі бар.

Ол Бүкіләлемдік МЖӘ кәсіпқойлары мен бөлімшелері қауымдастығының президенті; БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының МЖӘ мәселелері жөніндегі жұмыс тобы төрағасының орынбасары; Hayek Associates LLC басқарушы серіктесі; және Ливанның жекешелендіру және МЖӘ жөніндегі

Жоғары кеңесінің бұрынғы бас хатшысы. 2019 жылдың басында Хайек Дүниежүзілік банктің президенттігіне ұсынылды. Хайек - USEK Университеті Қамқоршылар Кеңесінің, YMCA Дүниежүзілік Одағының Инвестициялар комитетінің және Карлос Слим қоры атынан бірнеше ҰЕҰ Директорлар кеңесінің мүшесі.

Хайек бұған дейін телекоммуникация технологиялары мен жаңартылатын энергия көздеріне мамандандырылған Lonbridge Associates (Лондон) шағын инвестициялық банкінің бас директоры болған; Bear Stearns (Нью-Йорк) Инвестициялық банктің аға басқарушы директоры; Banque Indosuez Capital Латын Америкасының басқарушы директоры (Париж); Indosuez Mexico Президенті (Мехико); Salomon Brothers вице-президенті (Нью-Йорк); және Citibank NA вице-президенті, ол Батыс Африкада қазынашы, Латын Америкасындағы құрылымдық қаржы маманы және ақырында банктегі халықаралық секьюритилендіру бөлімінің бастығы лауазымдарын атқарды.

Хайек сонымен қатар АҚШ-тың Халықаралық қатынастар кеңесінің мүшесі; Рейган әкімшілігінің кәсіпкерлік бағдарламасы бойынша аға кеңесші; және әр түрлі жергілікті және трансұлттық компаниялардың директорлар кеңесінің мүшесі болды. Далластағы Техас Университетінде Халықаралық менеджмент магистрі дәрежесіне ие және Хьюстон және Мексикадағы Tecnológico de Monterrey университеттерінде іскери әкімшілік бойынша білім алған.

Хайек 11 тілде сөйлейді.



Д - Р ЭЙЮП ВУРАЛ АЙДИН

Стамбулдық өзық МЖӘ
тәжірибелер орталығының
Төрағасы

Доктор Айдын, МЖӘ жобасын дайындау, жобаларды әзірлеу, мәміле жасау және оқыту бойынша мол тәжірибеге ие. Ол VFM модельдеріне, дамушы елдердегі МЖӘ жобаларына қаржылық және басқарушылығына маманданған. Ол МЖӘ бойынша көптеген оқу бағдарламаларын, көбінесе дамушы елдердің, мысалы, Украинаның, Нигерияның, Мавританияның, Румынияның, Сауд Арабиясының, Беларусьияның, Өзбекстанның, Қазақстанның және басқаларының өкілдеріне жүргізді.

Сонымен қатар,

Түркияда ол жергілікті билік органдарына арналған көптеген МЖӘ құрылымын әзірледі және Түркияның 11-ші даму жоспарындағы «МЖӘ инвестициялары» бөлімінің ресми баяндамашысы болды. Ол Түркиядағы муниципалиттік білім беруге арналған заң жобасын дайындаған топтың мүшесі болды.

Сонымен қатар, ол Түркиядағы МЖӘ жобалары бойынша әртүрлі салалық министрліктердің ресми кеңесшісі болып табылады.

Қазіргі уақытта ол Стамбул МЖӘ үздік тәжірибесі орталығының төрағасы, МЖӘ бөлімшелерінің Дүниежүзілік ассоциациясының мүшесі, Түркияның Сыртқы экономикалық байланыстар бойынша МЖӘ комитетінің төрағасы, Стамбул МЖӘ апталығына дайындық жөніндегі комитеттің төрағасы және PHD консалтингтік компаниясының иесі. Ол, әдетте, МЖӘ-ге қатысты көптеген халықаралық іс-шараларға модератор және баяндамашы ретінде қатысады және көптеген елдерде МЖӘ жобаларының мәмілелері бойынша кеңес беру қызметтерін көрсетеді.



АЛЕКСАНДР ВЛАДИМИРОВИЧ БЕЛЫЙ

Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму
бағдарламасы Қазақстан және ғаламдық
Экологиялық қор энергия тиімділігі
бойынша жобалардың басқарушы

Александр Бельйдың мамандануы қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану болып табылады. 1997 жылы климаттың өзгеруі туралы диссертациясын әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде қорғау арқылы ғылымдар кандидаты дәрежесін алды, доцент.

Қоршаған ортаны қорғау, энергияны үнемдеу және энергия тиімділігі саласындағы 20 жылдан астам жұмыс тәжірибесін иеленеді.

Оның қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму, экологиялық конвенциялар, тұрақты даму мен энергия тиімділігін арттыру бойынша аумақтық жоспарлау бойынша бағалау және әлеуетті арттыру жөніндегі халықаралық жобаларды басқаруда он жылдан астам тәжірибесі бар. 90-нан астам ғылыми және әдістемелік басылымдардың авторы. Ол әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде (1998-2004), халықаралық экологиялық жобаларда жұмыс істеді (2004 жылдан). 2009 жылдан бастап БҰҰДБ-ГЭФ коммуналдық жылумен жабдықтау, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, шағын қалалар және басқаларындағы энергия тиімділігін арттыру бойынша жобалар портфолиосының жетекшісі болды.

2015 жылдан бастап ол ПРООН-ГЭФ-тің «Төмен көміртекті дамудың тұрақты қалалары» жобасының жетекшісі, оның мақсаты төмен көміртекті инвестициялық жобаларды техникалық және қаржылық қолдау құралдарын әзірлеу және сынау болып табылады.



**ШОҚПАРБАЕВ НҰРЛАН
ТҰРСЫНҰЛЫ**
ҚР ҰЭМ Инвестициялық саясат
департаментінің директоры

Шоқпарбаев Нұрлан Тұрсынұлы, 2018 жылдың 5 қазанынан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Инвестициялық саясат департаментінің директоры.

2017 жылдың 22 сәуірінен 2018 жылдың 1 қазанына дейін Еуразиялық экономикалық комиссияда (ЕЭК) Министрдің көмекшісі болып жұмыс істеді.

Әр жылдары (2007-2017) Ұлттық экономика министрлігінің Инвестициялық саясат департаментінің бөлім бастығы, директордың орынбасары болып қызмет атқарды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де мемлекеттік және жергілікті басқару бойынша білім алды.

ЛЕВАН БАТИАШВИЛИ
Грузия МЖӘ агенттігінің
аға кеңесшісі



Леван Батиашвили - 2019 жылдан бастап Грузияның МЖӘ агенттігінің аға кеңесшісі, ол стратегиялық бағалау және әлеуетті арттыру бөлімін басқарады. Ол Эдинбург Университетін Мемлекеттік саясат магистрі дәрежесімен 2017 жылы бітірді. Сонымен қатар Тбилиси мемлекеттік университетінің Халықаралық қатынастар магистрі дәрежесін де алған. МЖӘ агенттігіне дейін ол Сыртқы істер министрлігінде және Мемлекеттік қауіпсіздік және дағдарыстарды басқару кеңесінде әртүрлі лауазымдарда жұмыс істеді, халықаралық ынтымақтастық, инвестиция және қауіпсіздік мәселелерімен

айналысты. Ол сонымен қатар Грузияның Мемлекеттік істер институтында мемлекеттік саясат және саяси философия бойынша дәріс оқиды.



БАЙСОВА БОТАГОЗ

Азиялық Даму Банкінің
кеңесшісі

Ботагөз Ваисова Азия-Тынық мұхиты жобаларын дайындау қорының (АРЗФ) Қазақстан бойынша координаторы. АРЗФ қорын Азия Даму Банкінің (АДБ) Мемлекеттік-жеке әріптестік (МЖӘ) кеңсесі басқарады. Ботагөз Қордың және АДБ-ның МЖӘ кеңсесінің Қазақстандағы қызметтеріне қолдау көрсетеді. Ол сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі үшін АДБ-ның Қарағанды университетінің ауруханасы жобасының консультациялық тобының құрамына кіреді. Ботагөз салалық тұрғыдан алғанда АДБ-ның автожол, аурухана, энергия тиімділігі және ағынды суларды тазарту жобалары бойынша кеңес беру топтарының құрамында болды. Оның МЖӘ саласында 7 жылдан астам тәжірибесі бар және ол АДБ командасына қосылғанға дейін өзінің Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрлігінде мемлекеттік қызметі кезінде «Алматы айналма автомобиль жолы (БАКАД)» және Батыс Еуропа - Батыс Қытай халықаралық транзиттік дәлізінің Алматы-Қорғас учаскесіндегі автомобиль бақылау пункті сияқты ірі МЖӘ жобаларын жүзеге асырумен айналысқан.

УЗАЛИНА НАЗГУЛ

«Атамекен» ҰКП МЖӘ
департаментінің директоры




Қаржы және несие магистрі

Құқықтану бакалавры

Жұмыс тәжірибесі: 7 жылдан астам әр

түрлі салалардағы МЖӘ жобаларында: білім беру, спорт, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, IT-саласы, денсаулық сақтау саласында. Осы жылдар ішінде ол жобаларды құрылымдау, тәуекелдерді бағалау, конкурстық құжаттама мен МЖӘ шарттарын дайындау, жобалық сараптамалар жүргізу жұмыстарын атқарды. МЖӘ заңнамасы мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің пруденциалдық нормативтеріне МЖӘ шарттарын екінші деңгейдегі банктер кепілдік ретінде қабылдауы бойынша түзетулерді әзірлеуге қатысты. Қазіргі уақытта МЖӘ, концессиялар және инвестициялар саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге және оларға сараптама жүргізуге қатысады. МЖӘ мәселелері бойынша аймақтарға тұрақты негізде әдістемелік қолдау көрсетеді.



ВОЛОДЬКИН АРТЕМ
РФ VEB.RF СЭБ Ұлттық МЖӘ
орталығының басқарушы
директоры

Г.В. Плеханов атындағы РЭУ-нің Халықаралық экономикалық қатынастар факультетін бітірген. 2012 жылдан бастап «Ресей теміржолдары» АҚ инвестициялық блогында әртүрлі лауазымдарда жұмыс істеді, соның ішінде Компанияның Инвестициялар департаментінің инвестициялық бағдарламаларын қалыптастыру бөлімін басқарды. 2017-2018 жж. Ресей Федерациясының Экономикалық даму министрлігінде мемлекеттік қызметте мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту бөлімі бастығының орынбасары, директордың орынбасарының м.а. - Инвестициялық саясат және МЖӘ бөлімінің бастығы лауазымдарында болды. 2018-2019 жж. «Автодор-Инвест» ЖШҚ басқарушы директорының орынбасары, «Ұлттық МЖӘ орталығы» АҚ атқарушы директорының орынбасары. Қазіргі уақытта «Ұлттық МЖӘ орталығы» АҚ басқарушы директоры болып жұмыс істейді (РФ СЭБ тобы).

МАКАРЕВИЧ
КОНСТАНТИН
Squire Patton Boggs Тәжірибе
кеңесшісі



Константин Макаревич ресейлік және шетелдік инфрақұрылым және өндірістік компанияларға, инфрақұрылымдық жобаларды, жобалық қаржыландыруды, ТМД елдерінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы құқықтық реформаларға

дайындау және іске асыруға қатысты түрлі деңгейлердегі қаржы ұйымдарына және билік органдарына кеңес беруге маманданған. Константин Макаревич халықаралық және ұлттық заңгерлік рейтингтердің, оның ішінде Chambers & Partners, The Legal 500 и Право.ru-300. Нұсқалары бойынша Ресейдегі мемлекеттік-жекешелік әріптестік және көліктік құқық саласындағы ұсынылған заңгер болып табылады. Экономиканың түрлі секторларындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін дамыту мәселелері жөніндегі халықаралық сарапшылық топтың мүшесі болып табылады.



ВИШНУ СУДАРСАН
Серіктес J. Sagar Associates
(JSA) (Үндістан)

Вишнудың тәжірибесі Энергетика және инфрақұрылымның әртүрлі салаларын қамтиды. Ол энергетика, инфрақұрылым және МЖӘ Тәжірибелік тобының аға мүшесі болып табылады. Ол клиенттерге әртүрлі бағытта, атап айтқанда: энергетика, (электр энергетикасы), байланыс (телекоммуникациялар және радиохабар тарату), көлік (теміржол және метро жүйелерін қоса алғанда, жерүсті көлігі) және қалалық инфрақұрылым бойынша кеңес береді. Ол клиенттерге жобаларды әзірлеу, инвестициялар, корпоративтік мәмілелер (M&A), реттеу және қайта құрылымдау, мемлекеттік қаржы, институционалдық нығайту, саясат және заңнамалық актілерді әзірлеу және мемлекеттік-жекешелік әріптестік секілді бірнеше мәселелер бойынша кеңес береді. Вишну 20 жылдан астам уақыт заң саласында жұмыс істейді және инвесторларға, әзірлеушілерге, несие берушілерге және меншікті капитал, қарыз, сатып алу, бөлу, реттеу мәселелері жөніндегі агенттіктерге кеңес беру саласында үлкен тәжірибеге ие.

Оның сондай ақ сот мәселелерін шешуде үлке тәжірибесі бар және клиенттерге сот стратегияларын әзірлеу мәселелері бойынша кеңес береді.

Вишну Оңтүстік Азия өңіріндегі энергетика мен инфрақұрылым мәселелері бойынша конференциялар мен оқу семинарларына қатысады.



БАРТОШ МИШИОРСКИ

Centrum PPP Фонд
басқармасының төрасасы

Варшава экономикалық мектебін бітірген. Сонымен қатар, ол жерде «МЖӘ жобаларын дайындау және іске асыру» бағыты бойынша аспирантураны тәмамдаған.

Бартош Мисорски Centrum PPP-де ол құрылған 2008 жылдың шілдесінен басынан бастап жұмыс істейді.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік саласындағы көптеген аналитикалық жұмыстар мен жарияланымдардың авторы/ биолескен авторы. Ұлттық және халықаралық МЖӘ конференцияларда және пікірсайыстарда спикер (мысалы, Үндістан, Қазақстан, Түркия, Германия, Чехия, Словакия, Италия, Швейцария). МЖӘ бірнеше іс-шараларының төрағасы болған (мысалы, Польша, Нидерланд, Австрия).

Бартош МЖӘ бойынша көптеген тренингтер мен семинарларды Польшада және шетелде өткізді (мысалы, Әзірбайжанда, Молдовада, Қазақстанда, Украинада). Сонымен қатар, Бартош Польшадағы Ұлттық мемлекеттік басқару мектебінде дәрістер оқыды. МЖӘ бойынша басқарушы қағидаттар - жалпы ережелер мен Польшаның экономикасының жекелеген салаларында (денсаулық сақтау, көлік, қалдықтар, әлеуметтік тұрғын үй) МЖӘ енгізу бойынша жақсы ережелер мен тәжірибелерді әзірлейтін Centrum PPP жұмысшы топтарының қатысушысы.

Бартош МЖӘ мүдделі мемлекеттік органдар үшін экономиканың түрлі салаларындағы МЖӘ бойынша бірқатар семинарлар ұйымдастырды. Леонардо Да Винчидің (инновациялар берілуі) «МЖӘ-нің транссеуропалық алға жылжуы» жобасының үйлестірушісі, оның мақсаты - МЖӘ тәжірибесін, дағдылары мен үрдістерін Еуропалық Одақ ұйымдарының арасында (негізінен Ұлыбритания, Түркия, Ирландия, Португалия және Польша) беруді жеделдету болып табылады.

Қазіргі уақытта Леонардо да Винчи қызметін (Әріптестік жобасы) PPP-MAR үйлестіреді, оның мақсаты шағын МЖӘ жобаларын бір үлкен тендерге топтастыру (орау) идеясын алға жылжыту үшін ынтымақтастық болып табылады. Жобаның серіктестері: Польшаның МЖӘ орталығы, Бельгия МЖӘ бөлімшесі және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы.

Сонымен қатар, Бартош бүкіл әлемдегі МЖӘ бөлімшелерімен ынтымақтастық үшін жауап береді және Біріккен Ұлттар Ұйымының

Еуропалық Экономикалық Комиссиясының (БҰҰ ЕЭК) МЖӘ бойынша мамандар тобында польшалық Centrum PPP атынан қатысады. 2014 жылдан бастап Халықаралық Жобалық Қаржыландыру Ассоциациясының Польшадағы (IPFA) кеңесінің мүшесі.



ЕКАТЕРИНА ШАРМАВИЧИЕНЕ

МЖӘ орталығы мемлекеттік
мекемесінің басшысы, Орталық
жобаларды басқару агенттігі

Екатерина Шармавичененің мемлекеттік инвестицияларды жоспарлау және басқарудың 20 жылдан астам тәжірибесі бар. Ол Мемлекеттік-жекешелік әріптестік (МЖӘ) саласындағы құзыреттіліктер орталығын 2009 жылы құрылған кезінен бастап басқарады. МЖӘ орталығы мемлекеттік инвестициялар және МЖӘ жоспарлау мен іске асыру мәселелері бойынша кеңестер беру, оқыту және әдістемелік қолдауға арналған әмбебап орталық болып табылады, үнемі әртүрлі зерттеулер мен бағалаулар жүргізеді, мемлекеттік инвестициялардың тиімділігі мен нәтижелілігін арттыруға арналған әлеуетті өсіру жобаларын іске асырады.

Бұрын Екатерина Еуропалық Одақтың инвестициялық қорлары үшін ұлттық инвестициялық стратегияларды дайындаумен айналысты, олардың әсерін бағалады және қаржылық басқару және бақылау жүйесін әзірледі, сондай ақ Қаржы министрлігі мен Экономика министрлігінде қаржы менеджменті мен бақылау жүйесі мен қаржы құралдарын дамытып отырды. Ол сондай ақ, ЕО-ның инвестициялық қорларын жоспарлау және басқарумен байланысты комитеттер мен жұмыс топтарындағы Еуропалық Комиссиядағы Литваның өкілі және Хорватия үкіметі үшін ЕО процесіне қосылуын қолдайтын тұрғын үй жөніндегі кеңесшісі, МЖӘ және басқа жобаларға қатысты бірқатар жобалар бойынша халықаралық сарапшы болды.



АРТУР ЩЕГЛОВ

«Гиперион»
стратегиялық тобының
басқарушы серіктесі

Артур 2006 жылдан бастап қоғаммен байланыс және коммуникациялық кеңес беру саласында жұмыс істейді. Ақпараттық қолдау және инфрақұрылымдық жобалардың инвестициялық маркетингімен айналысады.

Артур инфрақұрылымды дамыту және МЖӘ саласындағы бірқатар Ресейдің ірі коммуникациялық жобаларын іске асыруға қатысты, оның ішінде жыл сайынғыкелесі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу: инфрақұрылымдық жобалар нарығы көшбасшыларының саммиті (InfraSummit), инфрақұрылымдық жобалардың ақпараттық мөлдірлігінің ұлттық рейтингі, «Ресейдің МЖӘ апталығы» Инфрақұрылымдық конгресі және т.б. «Ақпараттық-коммуникациялық тәуекелдер - инфрақұрылымдық жобалардың соқыр аймағы» атты бірегей зерттеудің және «Инфрақұрылымдық жобалардың ақпараттық-коммуникациялық тәуекелдері және оларды хеджирлеу жолдары» білім беру курсының авторы.

Артур концессиялық және МЖӘ жобаларын іске асырудың нормативтік-құқықтық базасын жетілдіруге бағытталған заңнамалық бастамаларды қалыптастыру мен ілгерілетуге белсенді қатысады. Ресейдегі инфрақұрылымдық жобалар мен МЖӘ іске асыруға арналған алғашқы InfraDesk телеграм-арнасының иесі және авторы. Ресей Федерациясы Үкіметі жанындағы Қаржы университетінің «Жоғары экономика мектебінде» (ЖЭМ ҰЗУ), Ресей Президентінің жанындағы Ұлттық экономика және мемлекеттік қызмет Ресей академиясында (ЭМБМҚРА) біліктілікті арттыру бағдарламаларының тұрақты дәріскері.

- Ресейдегі «Инфрақұрылым клубы» (InfraClub) инфрақұрылымдық жобалар нарығындағы кәсіпқойлар қауымдастығының негізін қалаушы және үйлестірушісі.
- Инфрақұрылымға концессионерлер мен ұзақ мерзімді инвесторлар Ұлттық ассоциациясының Сараптамалық-әдістемелік кеңесінің мүшесі (КИҰА)
- Ресей сумен жабдықтау және су бұру қауымдастығының (РССБА) сараптамалық кеңесінің мүшесі
- Стратегиялық бастамалар агенттігінің (СБА) Сараптамалық кеңесінің мүшесі
- РӨКО Цифрлық экономика комитеті жанындағы МЖӘ келісімдері мен ақпараттық технологиялар саласындағы концессиялық келісімдер тетіктерін дамыту жөніндегі жұмыс тобының мүшесі



ОЛЕСЯ НЕЙКОВА

Серіктес, «Гиперион» Стратегиялық тобының инфрақұрылымдық жобалар үшін кадрларды іріктеу және кадрларды бағалау тәжірибесінің жетекшісі

Олеся Нейкованың персоналды таңдау, бағалау және дамыту саласында басқарушылық тәжірибесі мол. Басқарушылық, заңгерлік, қаржылық, инженерлік-техникалық персоналдарды, оның ішінде инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру үшін кадрларды іріктеудің сәтті тәжірибесіне ие. Өнеркәсіп саласындағы ең үлкен тәжірибесі: құрылыс, көлік, консалтинг, ТҮКШ, интернет-технологиялар Коуч – ICU стандарттары бойынша сертификаттаудан өткен, мансапты дамыту және кәсіби анықтау саласында мамандандырылған.

Психолог, қызығушылық саласы - әлеуметтік психология, таланттарды ашу. Thomas International SLG іскери және мінез-құлықты бағалау және болжау жүйесінің сертификатталған пайдаланушысы.


Ұйымдық өзгерістер, жұмыс берушінің брендині құру, корпоративті мәдениетті дамыту, персоналды тарту бойынша зерттеулерді ұйымдастыру мәселелері бойынша HR кеңесшісі. ПрофНавигатор мансапты құру және кәсіби анықтама саласындағы коучтер қауымдастығының негізін қалаушы.

ИДАЯТОВА АРДАК "Aequitas" ЗФ серіктесі

Келісім-шарт құқығы, дауларды шешу, мемлекеттік-жекеменшік серіктестік, құрылыс және жылжымайтын мүлік. Ардақ үлкенді кешенді қолдауда үлкен тәжірибеге ие инфрақұрылымдық жобалар, негізінен шетелдік инвесторлардың, халықаралық даму банктерінің және шетелдік мердігерлердің жағында.

Бірнеше жылдан бері The Legal 500 журналы Ардақты «өрлеу құрылыс және дауларды шешу саласындағы жұлдыз» (өсіп келе жатқан жұлдыз) және «келесі буын заңгері» атайды.

Ардақтың клиенттеріне ЕҚДБ, ИДБ, ЕДБ, Салини сияқты компаниялар кіреді Costruttori S.P.A., Todini Costruzioni Generali S.p.A., Exxon Mobil, VTB Bank, Punj Lloyd, Johnson & Johnson.





ДОЛГОВ АЛЕКСАНДР

Squire Patton Bo
ggs - серіктесі

Александр Долгов-Ресей мен ТМД, Орталық Азия мен Кавказ елдеріндегі инфрақұрылым, энергетика және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жөніндегі топтың серіктесі және басшысы. Ол халықаралық және ресейлік банктерге, халықаралық қаржы ұйымдарына, түрлі деңгейдегі мемлекеттік органдарға, демеушілер мен қарыз алушыларға кеңес берді.

Александр БҰҰ ЕЭК-тің Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жөніндегі жұмыс тобының мүшесі, Франко-Ресей сауда палатасының МЖӘ жөніндегі комитетінің Төрағасы, Еуразиялық инвестициялық кеңестің төрағасы және Ресей Федерациясының Сауда-Өнеркәсіп палатасының МЖӘ жөніндегі комитетінің мүшесі болып табылады.

АННА ШАТКОВСКАЯ

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік академиясының президенті (Украина)



Білімі бойынша экономист – кибернетик, макроэкономикалық модельдеу, болжау, мемлекеттік сатып алу, кәсіпорындардың қаржылық-шаруашылық қызметін бағалау бойынша сарапшы болып табылады, математикалық әдістер мен оларды экономикалық салада қолдануды меңгерген. 2001-2005 жылдары Украинаның Қаржы министрлігі жанындағы Ғылыми-зерттеу қаржы институтының аспирантурасында «Халықаралық қаржы және қарыз саясаты» мамандығы бойынша оқыды. 2006 жылы «Украинаның халықаралық қаржы ұйымдарымен қарым-қатынасы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Ол «Киевэнерго» АҚ-да Дүниежүзілік Банктің «Киев қ. орталықтандырылған жылуды қалпына келтіру және кеңейту» жобасын іске асыру тобында экономист және Әлеуметтік-экономикалық стратегиялар институтының директоры болып жұмыс істеді.

Қаржы-экономикалық салада, жобалық менеджмент, мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы ғылыми жұмыста үлкен тәжірибесі бар, Украинаның Қаржы министрлігі, Украинаның Өңірлік даму, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігі үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруға қатысты. ХҚДБ, ЕҚҚДБ және USAID жобаларына қатысты



АРТЮШЕНКО

АНДРЕЙ

«Артюшенко және
серіктестер» - басқарушы
серіктес

20 жылдан астам жұмыс тәжірибесі: құрылыс (EPC, FIDIC), мәмілелер, тиісті тексеру, келісім-шарт құқығы, корпоративтік құқық. Жылжымайтын мүлік тәжірибесінде Best Lawyers 2017 рейтингімен, Corporate & Finance тәжірибесінде Chambers and Partners Asia-Pacific Guide 2016-2019, Жылжымайтын мүлік және құрылыс тәжірибесінде Legal 500 EMEA 2016-2018 ерекшеленді, 2016 жылдан бастап Asialaw profiles рейтингісімен құрылыс және жылжымайтын мүлік тәжірибесінде озық заңгері ретінде танылады.

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер кеңесінің арбитры Төрелік орталығы.

«Қазақстан Республикасындағы құрылыс процесіне шолу» кітабының авторы (Юрист баспасы); International Construction Contract Law 2-басылымының тең авторы (2018 жылы жарияланған, Lukas Klee, Wiley Blackwell).

Жобалары

- EXPO 2017
- Алматы ботаникалық саябағы
- Esentai Park
- Ritz-Carlton
- Алайгыр (добыча)
- Abu Dhabi Plaza
- Ақтау теңіз порты
- Батыс Еуропа - Батыс Қытай көлік дәлізі
- Talan Towers
- Балқаш ЖЭО
- Атырау МӨЗ



ХОРОШАШ
АСҚАР НАСИБУЛЛУҒЫ
Денсаулық сақтау саласындағы
МЖӘ басым жобалары
бойынша Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Жобалық кеңсесінің
медициналық компонентінің
үйлестірушісі.

Кардиолог дәрігер, денсаулық сақтау ұйымындағы жоғары біліктілік санаты бар, қаржы менеджері. Саладағы жалпы жұмыс өтілі - 29 жыл.

1998-2005 жылдар аралығында медициналық ұйымдарда жұмыс істеді, Қарағанды және Нұр-Сұлтан қ.қ. мед. Университеттерінің кафедраларында сабақ берді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтында ғылыми қызметкер болып жұмыс істеді.

2007-2008 жж. - «Сарыарқа» ӘКК» ҰК» АҚ бизнес-жобалар департаментінің директоры.

2011-2012 жж. - ҚР ДСМ «Каз МедТех» АҚ Басқарма төрағасы.

2016-2019 жж. - Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасы бастығының орынбасары, содан кейін - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық көмекті ұйымдастыру департаментінің директоры.

Түрлі жылдарда ол фармацевтикалық бизнес пен медициналық технологиялар саласында басшы болып жұмыс істеді. Медицина ғылымдарының кандидаты.

Денсаулық сақтау ісінің үздігі. Жоба менеджері (ANSI PMIPMBOK).

«ҚММУ дамуына үлес қосқаны үшін» медалімен, емдеу көмегін ұйымдастырудағы жетістіктері, медициналық мед. Техниканың лизингін дамытуға қосқан үлесі,

денсаулық сақтауды цифрландыру саласындағы жетістіктері, МЖӘ жобаларын іске асырғаны үшін ҚР Денсаулық сақтау министрінің, Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Жобалық кеңседегі негізгі функционал: Жобалық кеңсенің медициналық тобын басқару, инвесторлардың, орталық және жергілікті атқарушы мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын үйлестіру, медициналық-техникалық тапсырмаларды, медициналық қызметтердің және жобалардағы мед.жабдықтың тізімдерін, штаттық кестені және жаңа жобалар бойынша кадрларды оқыту кестесін әзірлеу, МЖӘ жобаларының мед. компоненттерін жүзеге асыру үшін әдістерді, алгоритмдерді және басқа құжаттарды әзірлеу мәселелері бойынша Жоба кеңсесі мен оның серіктестерінің жұмысына жетекшілік ету.



ТОСЕКБАЕВ ҚАНАТ ДҮЙСЕНБАЙҰЛЫ

Жобаның медициналық компоненті
үйлестірушісі

денсаулық сақтау саласындағы
МЖӘ басым жобалары бойынша
Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрлігінің кеңсесі.

Тосекбаев Қанат Дүйсенбайұлы 1982 жылы 6 тамыз күні Алматы облысы Талғар қаласында дүниеге келді. 2005 жылы Қазақ мемлекеттік медицина университетінде тәлім алды. 2008 жылы «Болашақ» бағдарламасы бойынша Германияның Ганновер жоғары медициналық мектебінде «Денсаулық сақтаудағы Менеджмент» атты мамандығына оқып тәмамдады. Сонымен қатар, АҚШ-та «Болашақ» бағдарламасы аясында «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша тағылымдамадан өтті. МРН, МВА ғылыми дәрежелері бар.

Еңбек жолын жедел медициналық жәрдем фельдшері болып бастады. Германия астанасы Берлин қаласының Vivantes клиникасында халықаралық ынтымақтастық мәселелері бойынша жобалау менеджері болып жұмыс істеді. «Ұлттық медициналық холдинг» АҚ Басқарма Төрағасының кеңесшісі болды.

«Астана Медицина Университеті» АҚ бөлімінің жетекші маманы және Астана қаласының «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» МКҚК бас дәрігері болып жұмыс істеді, ҚР Президенті Іс Басқармасының «Оқжетпес» ЕСК АҚ және «Almaty Resort» клиникалық санаторийларын басқарды. Алматы қаласының «Қалалық балалар жұқпалы аурулар ауруханасы» МКҚК бас дәрігері, кейін Батыс Қазақстан облысы Денсаулық сақтау басқармасының басшысы болды. Республикалық денсаулық сақтауды дамыту орталығының бас директоры лауазымына тағайындалғанға дейін Алматы қаласының Денсаулық сақтау басқармасын басқарды.

«Денсаулық сақтау саласының үздігі», «Астана медалі», «ҚР 20 жылдығы Тәуелсіздік медалі» медальдарымен марапатталған, «2019 жылдың үздік мемлекеттік қызметшісі» байқауының жүлдегері. Алматы қаласы мәслихатының депутаты болып қызмет етті.



АСЫЛОВА БИБИГУЛЬ

ҚР білім және ғылым Вице-
министрі

Көкшетау облыстық қаржы басқармасының 1-ші санаттағы маманы, жетекші маманы.

Солтүстік Қазақстан облыстық қаржы басқармасының жетекші, бас маманы.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бюджет департаменті Білім, ғылым, мәдениет, спорт және БАҚ басқармасы Білім және ғылым бөлімінің жетекші, бас экономисті.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік органдарды қаржыландыру департаменті Білім, ғылым, мәдениет, спорт және БАҚ басқармасы Білім және ғылым бөлімінің бастығы.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік органдарды қаржыландыру департаменті Білім, ғылым, мәдениет, спорт және БАҚ басқармасы бастығының орынбасары.

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Әлеуметтік саладағы шығындарды жоспарлау департаменті Білім, ғылым, мәдениет, спорт және БАҚ басқармасының бастығы.

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Экономика және қаржы департаментінің директоры.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Ішкі әкімшілік департаментінің директоры. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ақпараттық қамтамасыз ету департаментінің директоры.

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Әлеуметтік саланың дамуы департаментінің директоры.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Әлеуметтік саланың бюджеттік бағдарламаларын жоспарлау, орындалуын талдау және іске асырылуын бағалау департаментінің директоры.

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Әлеуметтік сала бағдарламаларын бюджеттік жоспарлау департаментінің директоры.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Әлеуметтік сала бюджеті департаментінің директоры.



АННА БАГИНСКАЯ

Бақарушы директор, «Сбербанк»
ЖАҚ МЖӘ орталығының директоры

Анна Багинская Сбербанк тобында МЖӘ жобаларын қаржыландыру саласында 2011 жылдан бастап, 2019 жылдың ортасынан бастап Банктің МЖӘ орталығының жетекшісі ретінде жұмыс істейді. Сбербанкке келгенге дейін Анна KPMG және HSBC Банкінде әртүрлі қызметтер атқарды. Анна Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің экономика факультетін қаржы және несие мамандығы бойынша бітірді.

Негізгі жобалары / Мәмілелері:

- Мәскеу - Санкт-Петербург, 15-58 км учаскесі ақылы автомобиль жолын салу және пайдалануға құрылымдық қаржыландыру;
- Түркияда кешенді денсаулық сақтау нысандарының құрылысын қаржыландыру;
- Білім беру, көлік және басқа салалардағы аймақтық / муниципалдық концессияларды қаржыландыруға арналған стандартты өнім шешімдерін іске қосу;
- Экономиканың түрлі салаларында 70-тен астам аймақтық / муниципалдық концессиялық жобаларды қаржыландыруды ұйымдастыру.

СЕРГЕЙ ЗЛОБИН

Нижний Новгород облысының білім,
ғылым және жастар саясаты министрі



Осы жылдар ішінде ол келесі ұйымдарда жұмыс істеді:

Пермь қаласы Өнеркәсіптік округінің №109 орта мектебі (тарих пәнінің мұғалімі, эксперимент жұмысы жөніндегі директордың орынбасары);

Пермь қаласы әкімшілігінің білім және ғылым комитеті (01.12.2006 жылдан бастап Пермь қаласы әкімдігінің білім бөлімі болып өзгертілді) «№102 орта мектебі» коммуналдық білім беру мекемесінің директоры, бөлім бастығы;

Пермь аймағы, Березники әкімшілігі – білім комитетінің төрағасы;

Пермь өлкесі үкіметінің кеңсесінде келесі лауазымдарда жұмыс істеді:

- Адамның әлеуетін дамыту департаментінің ақпараттық-талдау бөлімінің бастығы,
- Департамент төрағасының орынбасары, әлеуметтік саясат департаментінің ақпараттық-талдау бөлімінің бастығы,
- Департамент директорының орынбасары, әлеуметтік саясат департаментінің ақпараттық-талдау бөлімінің бастығы.

Коммерциялық және қоғамдық ұйымдардағы әлеуметтік дизайн және кеңес беру саласындағы қызмет.

Қоғамдық сараптама тобының жетекшісі, Пермь өлкесі заң шығару жиналысы депутатының көмекшісі.

2018 жылдың 19 қаңтарында Нижний Новгород облысының білім, ғылым және жастар саясаты министрі болып тағайындалды.



РАХМАНИ ЖАНАТ

Ustudy.kz, бас директоры,
«Тестілеу және педагогикалық
құзыреттіліктің өңірлік
орталығы» жобасы бойынша
жеке серіктес.

Ustudy компаниясының негізін қалаушы және бас директоры. Оқуды бітірген соң мемлекеттік компанияда жұмыс істеді. Кейін ол Food Empire (Сингапур) жұмысына шақыру алды. Компанияның бас кеңсесінде 1,5 жыл жұмыс істегеннен кейін ол Huson шайының ТМД-дағы өкілдігінің басшысы болып тағайындалды. 2009 жылы Food Empire холдингіде болып, Welldis дистрибьюторлық компаниясын құрды, оның тұтыну себетінде танымал халықаралық өнімдер болды. Сонымен қатар, ол Қазақстанда қол жетімді білім беру идеясын дамыта бастады. 2010 жылы Ustudy бренді дүниеге келді. Қазіргі уақытта Компанияның бүкіл Қазақстан бойынша 19 компьютерлік тестілеу орталығы бар, мысалы, Astana Garden School және INNOVERSE мектептері.

Компания Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің жеке серіктесі болып табылады және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік (МЖӘ) келісімі бойынша жұмыс істейді. Компанияның негізгі бағыттарының бірі мектеп салуға және басқаруға инвестиция салу болып табылады.

ЕВНИЕВ БИРЖАН

Аз көміртегі
жобаларды қаржыландыру бойынша
БҰҰДБ-ГЭФ және ҚР Үкіметі ұлттық
сарапшысы



Ол өзінің мансабын 2004 жылы жоспарлау, қаржыландыру және жобаны іске асыру бойынша жетекші қызметтерден бастаған.

Халықаралық серіктес Тациспен, Дүниежүзілік банкпен бірлескен жобаларды жүзеге асыруда тәжірибесі бар.

Ол басқарушылық қызметтер атқарды, сонымен қатар тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және ауылшаруашылық секторларындағы компаниялардың қаржылық мәселелері жөніндегі атқарушы органның мүшесі болды.

БҰҰДБ-ГЭФ жобасында ол ресурстарды үнемдеу және энергия тиімділігіне байланысты ұлттық экономика салаларындағы инвестицияларды тарту және жобаларды қаржыландыру саласындағы техникалық қолдау бойынша сарапшы, экономика және менеджмент, есеп және аудит, заң мамандықтары бойынша Қазақстанның жетекші университеттері мен академияларында жоғары білімге ие.



СЮЗАННА ФИЦПАТРИК
Ұлттық Даму Қаржы Агенттігінің
өкілі (Ұлттық қазынашылы
қ агенттігі. Ирландия
Республикасы)

Сюзанна Фицпатрик Ұлттық Даму Қаржыландыру Агенттігіне (NDFA) 2008 жылы келді. Мамандандырылған құрылыс инженері ретінде Сюзанн білім беру және тұрғын үй саласындағы МЖӘ жобаларында үлкен тәжірибеге ие, жоспарлау, сатып алу, салу және пайдалану кезеңдерінде бірнеше жобаларды басқарды. NDFA-ға келгенге дейін Сюзанн инфрақұрылымдық жобалар бойынша мемлекеттік сектордың клиенттеріне қызмет көрсететін көпұлтты инженерлік кеңес беруде жұмыс істеді.

ИМОНН ХАЛПИН
Ұлттық Даму Қаржы Агенттігінің
өкілі
(Ұлттық қазынашылық агенттігі.
Ирландия Республикасы)



Имонн Халпин 2016 жылы Ұлттық Даму Қаржыландыру Агенттігіне (NDFA) қосылды. Мамандандырылған бухгалтер ретінде Имонн NDFA қаржылық кеңес беру тобының бөлігі болып табылады. Білім беру, денсаулық сақтау және заң секторларында МЖӘ және мемлекеттік сатып алу жобалары бойынша қаржы кеңесшісі ретінде жұмыс істейді. NDFA-ға келгенге дейін Имонн 10 жыл жеке секторында, негізінен мәмілені іске асыру бойынша кеңесші ретінде жұмыс істеді.



ИБРАИМОВ АСКАР
"Қаржы орталығы" АҚ
Президенті

1997 жылы Көкшетау гуманитарлық-экономикалық университетін қаржы және несие, 2002 жылы Фемида заң институтын құқықтану мамандығы бойынша бітірді.

Ол 2001 жылдың маусым айында Қазақстан Халық Банкі жүйесінде Көкшетау облыстық филиалының заң бөлімінің жетекші заң кеңесшісі ретінде жұмысқа кірісті. 2003 жылдың қарашасынан 2005 жылдың наурызына дейін № 321000 банкінің Степногорск филиалының менеджерінің міндетін атқарушы, содан кейін менеджері болып жұмыс істеді.

Әртүрлі уақытта ол Ақмола облыстық филиалы директорының орынбасары болып жұмыс істеді, Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстық филиалдарын басқарды. 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап - Банк Басқарма Төрағасының орынбасары. Шағын және орта бизнес блогына жетекшілік етеді.

Қазіргі уақытта ол президент ретінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымы болып табылатын «Қаржы орталығы» АҚ-ның басшысы болып табылады.

15.10.2020

"Қазақстандық мемлекеттік-
жекеменшік әріптестік орталығы" АҚ

**Келесі кездескенге
дейін!**

www.kzppp.kz
www.forum.kzppp.kz